

Сабақтың тақырыбы:

**ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ҚАЗАҚТЫҢ АСА
КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМЫ ӘРІ АҒАРТУШЫСЫ**



Оқу мақсаты:


7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау.

Бүгінгі сабағымызда:

Ш. Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтаймыз.

Тірек сөздер

- **Декабристер**
- **Кадет корпусы**
- **Қашғарияға сапар**



Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (шын есімі Мұхаммед Қанафия; [1835](#), [Қостанай облысы](#), [Сарыкөл ауданы](#), Құсмұрын жері — [10 сәуір 1865](#), [Көшентоған](#), [Жетісу](#)) — [казактың](#) ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, [шығыстанушы](#), [тарихшы](#), [фольклоршы](#), [этнограф](#), [географ](#), [ағартушы](#). Әжесі бала күнінде «**Шоқаным**» деп еркелетіп айтуымен «Шоқан» аталып кеткен.

Жәңгір

Уәли

Аблай

Уәли

Әбілмансұр (Абылай)

Уәли

Қасым

Шыңғыс

Кенесары

Мұхаммед – Қанапия (Шоқан)

Сыздық





Шормановтар отбасы

Шоқанның анасы жағынан туыс нағашылары да осал емес – Баянауыл өлкесіндегі атақты Шормановтар әулеті болатын.

2. Омбыда оқуда болған жылдары. 1847 жылы Шоқан Омбы кадет корпусына оқуға түсті. Бұл оқу орны Сібірдегі жоғары білікті мұғалімдер жинақталған, таңдаулы оқу орындарының бірі болатын. Шоқан алғашқы жылдан өзінің оқуға қабілеті мен бейімділігін танытты. Ол әскери пәндерді, сондай-ақ жалпы білім беретін басқа да пәндерді және шет тілдерін зор ынта қойып, құмарта оқыды. Осында жүріп те шығыс тілдері саласындағы білімін елеулі түрде тереңдете түсті. Ол орыс тілін тамаша меңгерді. Қосымша әдебиеттерді көп оқыды. Кадет корпусының басшылары оған болашақтағы зерттеуші-шығыстанушы ретінде қарай бастады. Омбыда Шоқан география, шығыстану, философия, тарих жайындағы басылымдардан бай кітапхана құрап алды. Омбыда болған кезінде орыс зиялыларымен байланыста болуы Шоқанға оң әсер етті.

Кадет корпусында Шоқанмен бірге оқыған С. Я. Капустин ол туралы: *«Шоқан көрікті, аса сымбатты болды... бет әлпеті оның қайырымдылығы мен бекзаттығын айқын танытып тұратын. Шоқан өз кезеңінің жан-жақты, аса терең білімді адамы болды. Әсіресе оның тарихи білімі*



Аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов қазақтың игі жақсыларымен бірге

зор болды және ғылым мен әдебиет саласында да зор білімділігімен ерекшеленетін. Шоқан өз ойын бейнелеп, тартымды жеткізе білетін асқан шешен болатын», – деп жазды.

Шоқан кадет корпусында белгілі ғалым, географ және Азияны зерттеуші Г.Н. Потанинмен бірге оқып, достасып кетті.

Шоқан аса көрнекті орыс және шетел ақындары мен жазушылары А. Пушкиннің, М. Лермонтовтің, Н. Гогольдің, Ч. Диккенстің және басқалардың шығармаларын зор сүйіспеншілікпен қызыға оқыды.

Шоқан кадет корпусын *корнет* шенімен бітіргеннен кейін Сібір казак әскеріне қызметке жіберіледі. Көп ұзамай Батыс Сібір генерал-губернаторының *адъютанты* болып тағайындалды. Қызмет орнында Шоқан Сібірдің отаршыл шенеуніктерімен бетпе-бет келіп, өкіметтің заңсыз әрекеттеріне қатты күйінді. Өкімет орындарының озбырлығы жайлы достары Ф.М. Достоевскийге, А.Н. Майковқа, К.К. Гутковскийге, В.С. Курочкинге ызалы хаттар жазды.

Бағала

С.Я. Капустиннің пікірімен келісесің бе?

Сібір кадеті корпусында оқудың соңғы жылдарында-ақ, Шоқан саналы, терең ойлы, жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, туған халқының қажет-мұқтаждарын пайымдап, түсіне алатын, оған барынша пайдалы қызмет етуге әзір екендігін танытты. Оның зерттеушілік қабілеті де осы корпусты оқып жүргенде біртіндеп қалыптасып, дами түсті. Ол, әсіресе, жазғы демалыс кездерінде ел ішіндегі халық жырлары мен дастандарын жазып алып, аңыз-әңгімелерді жинауға қызықты. Мысалы, **"Қозы Көрпеш-Баян** сұлу жыры Шоқанның алғашқы жазған шығармаларының бірі болды.



Ш Уәлихановтың ғылыми зерттеулері.

- ◆ **1855 жылы** Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторы Г. Х. Гасфорттың Орталық Қазақстан, Тарбағатаймен Жетісу жеріне жасаған сапарына қатысты.




- ❖ **1857 жылы** П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынысымен Ш Уәлиханов орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданады.




- ❖ **1857 жылы** Шоқан Алатау қырғыздарына сапар шегіп, оның тарихын, этнографиясын және халықтың поэзиясын зерттейді. Қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны «Манасты» жазып алады.



- ❖ **1858-1859 жылдары** Шоқан атақты Қашғария сапарына барып келеді.
- ❖ **1860 жылы** Санкт-Петербуррге орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылайды. Оны орыс патшасы II Александр өзі қабылдайды.
- ❖ **1864 жылы** Шоқан генерал Черняевтің Оңтүстік Қазақстанға жасаған әскери экспедициясына қатысады.
- ❖ Шоқан Уәлиханов **1865 жылы** ұзаққа созылған аурудан қайтыс болады.





Оқушылар тақырыппен байланысты тірек сөздерді әліпби әріптерімен сәйкестікте постерге жазады, олар қанша әріп жаза алса, сонша жазады. (5 мин)

А	
Ә	
Б	
В	
Г	
Ғ	алым
Д	
Е	
Ж	
З	
И	
К	
Қ	
Л	
М	
Н	
О	

Ө	
П	
Р	
С	
Т	
У	
Ұ	
Ү	
Ф	илософ
Х	
Э	
Ц	
Ш	
Ы	
І	
Э	

Тапсырма

Шоқан Уәлихановтың Қазақстан тарихында алатын орны қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер, Видеолар мен сілтемелер:

<https://e-history.kz/kz/biography/view/4> © e-history.kz Шоқан Уәлиханов.

<https://abai.kz/post/5307> Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі

https://www.inform.kz/kz/shokan-uaihanov-orys-geografiya-kogamynyn-tolyk-mushesi-bolgan_a2851905

https://www.inform.kz/kz/shokan-uaihanov-orys-geografiya-kogamynyn-tolyk-mushesi-bolgan_a2851905 Шоқан Уәлиханов орыс география қоғамының толық мүшесі болған. Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз

<https://www.youtube.com/watch?v=eYWw3M7CV8U> «Өмір жолы». Шоқан Уәлиханов

<https://www.youtube.com/watch?v=UJCEDYALfWI> «Шоқан Уәлиханов». Тарихи фильм